

МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР КОМИТЕТІ



МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР ЖУРНАЛЫ

№ 20, 30.09.2025
Ғылыми-практикалық
журнал жылына 4 рет
шығады

Сейсенбі, 2025 жылғы 30 қыркүйек
журнал 2020 жылдан бастап
шығарылады
Астана қ., Республика даңғылы 60,
ҚР ҚМ МКК ООО, 010000
Телефон: (7172)39-66-09
e-mail umc01@mail.ru
www.kgd.gov.iz

Журнал ұйымдастырушысы:
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрлігінің Мемлекеттік кірістер
комитеті

Шығарылымға жауапты:
ҚР ҚМ МКК Оқу-әдістемелік орталығы

Редакциялық алқа:

Абилова Б.Н.
ҚР ҚМ МКК Оқу-әдістемелік орталығының
басшысы

Қожабергенов Е.К.
ҚР ҚМ МКК Халықаралық ынтымақтастық
басқармасының басшысы

Касымкулова Л.Т.
ҚР ҚМ МКК Оқу-әдістемелік орталығы
басшысының орынбасары

Ташетов М.Д.
ҚР ҚМ МКК Оқу-әдістемелік орталығы
Цифрландыру және қашықтықтан оқыту
бөлімінің бас маманы

Үсембаев Б.Ж.
ҚР ҚМ МКК Қарағанды облысы
бойынша мемлекеттік кірістер
Департаментінің басшысы

Жойкимбекова З.К.
ҚР ҚМ МКК Қарағанды облысы бойынша
мемлекеттік кірістер Департаменті
Түсіндіру жұмысы және Байланыс – орталығы
басқармасының басшысы



**ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК
КІРІСТЕР ДЕПАРТАМЕНТІ**



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
МЕМЛЕКЕТТІК ҚІРІСТЕР ДЕПАРТАМЕНТІ

ДЕПАРТАМЕНТ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ДОХОДОВ
ПО КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ



ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР, ӘРІПТЕСТЕР!

Назарларыңызға Қарағанды облысына арналған web-журналдың 20-шы шығарылымын ұсынамыз.

Қарағанды облысы - Қазақстанның орталық бөлігінде орналасқан, еліміздің ірі өнеркәсіптік өңірі.

Қарағанды облысы тарихта ежелгі Жібек жолының солтүстік тармағының өтуімен танымал. Аймақ сауда артериясына, Қазақстан мен басқа елдер арасындағы экономикалық және мәдени алмасу арнасына айналды. Жыл сайын Қарқаралы ауданының аумағында өткізілетін Қоянды жәрмеңкесін еске алу жеткілікті. Мұнда әр жаз сайын Қазақстанның түрлі аудандары жақын көршілері - Ресеймен және Орта Азия елдерімен ғана емес, сонымен қатар Таяу Шығыс пен Қытай мемлекеттерімен де сауда жасады. 1833-34 жылдары облыста көмір, мыс, күміс және қорғасын кен орындары ашылды. 1844 жылы өңір өнеркәсібі тарихындағы алғашқы Благодать-Стефанов зауытында кен балқытылып, ол жылына 30 мың пұт күміс және 10 мың пұттан астам қорғасын өндірілді. 1886 жылдан бастап Қараңдабасы шатқалындағы кен орнында тас көмір өндіріле бастады. XX ғасырдың 20-жылдарының басында Қоңыратта және тағы да басқа орындарда түсті металдардың ірі қорлары табылды. Облыстың қарқынды өнеркәсіптік дамуы Қарағанды облысы құрылған 1932 жылдан басталды.

XX ғасырдың 30-40 жылдарында бұл аймақ саяси қуғын-сүргінге ұшыраған адамдарды депортациялау орнына айналды. Мұнда қайғылы әрі атышулы ҚарЛаг орналасқан. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Спасскіде неміс, жапон, итальян және румын әскери тұтқындарына арналған лагерь болды. Қазіргі уақытта онда Сталиндік тоталитаризм құрбандарын еске алу мемориалы ашылған. Тарихшылардың бағалауынша, мұнда түрлі ұлттардың 5152 әскери тұтқыны жерленген.

Қарағанды облысы 1932 жылы 10 наурызда құрылды, орталығы Петропавл қаласы болды. 1936 жылғы әкімшілік-аумақтық бөлініс бойынша Қарағанды облысы екі облысқа бөлінді: Солтүстік Қазақстан облысы (орталығы Петропавл қаласы) және Қарағанды облысы (орталығы Қарағанды қаласы). Осылайша, 1936 жылдың 29 шілдесінен бастап Қарағанды облысының әкімшілік және мәдени орталығына айналады. Облыс орталығы 1934 жылы құрылған Қарағанды қаласында орналасқан. Қарағанды қаласының облыстық орталығы Қазақстан Республикасының астанасы - Астана қаласынан 222 км қашықтықта орналасқан.

Бұл өңірде тау-кен өндірісі, кара және түсті металлургия дамып келеді. Сондай-ақ машина жасау және металл өңдеу кәсіпорындары жұмыс істейді, тамақ, жеңіл және фармацевтика өнеркәсібі дамуда.

Осы шығарылымда сіз Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қарағанды облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің қызметімен танысасыз. Мемлекеттік кірістер органдары аймақтың ғана емес, жалпы елдің экономикасына да үлкен үлесін қосуда. Соңғы үш жылдағы мемлекеттік бюджетке салықтардың жалпы түсімі тұрақты оң динамиканы көрсетті. Бұл аймақ экономикасының тұрақтануы мен өкімшілендіру тиімділігінің артуын дәлелдейді.

Журналдың осы шығарылымы біздің оқырмандар үшін қызықты болады деп сенеміз!

*Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің
Мемлекеттік кірістер комитетінің төрағасы
Дүйсембиев Жандос Жұмабайұлы*



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
МЕМЛЕКЕТТІК ҚІРІСТЕР ДЕПАРТАМЕНТІ

ДЕПАРТАМЕНТ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ДОХОДОВ
ПО КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ



ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР, ӘРІПТЕСТЕР!

Web журналының тағы бір шығарылымына кош келдіңіз! Бұл шығарылым Қазақстан Республикасының Қарағанды облысына арналған. Бұл нөмірде сіз біздің аймақ, оның көрікті жерлері және табиғатын көркем бұрыштары туралы көптеген қызықты нәрселерді білесіз.

Назарларыңызға Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Қарағанды облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментін ұсынамыз. Мемлекет бюджеті, Қазақстан халқының өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар мен жергілікті маңызы бар бағдарламаларды іске асыру салықтар мен кедендік төлемдерді жинауға байланысты. Мемлекеттік бюджетке салықтар мен төлемдердің тиімді түсуі, көлеңкелі экономикамен күрес, халықтың құқықтық сауаттылығы мен салық мәдениетін арттыру – мұның бәрлығы мемлекеттік кірістер органдары қызметкерлерінің қажырлы және елеулі жұмысы.

Журналдың осы санында біз оқырмандарды өз кәсібіне адал және күн сайын мемлекеттік бюджетті және елдің игілігін толықтыруға еңбек ететін Қарағанды облысының Мемлекеттік кірістер органдарының қызметкерлерімен, сондай-ақ Қарағанды облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті қызметінің қорытындыларымен таныстырамыз.

Біз кәсіби әріптестер үшін де, Қарағанды облысының дамуына қызығушылық танытатын барлық оқырмандар үшін де қызықты әрі танымдық журнал құруға ұмтылдык. Сізге бұл журнал ұнайтынына сенімдіміз!

*Қарағанды облысы
бойынша мемлекеттік кірістер
Департаментінің басшысы
Усембаев Б. Ж.*

УВАЖАЕМЫЕ ЧИТАТЕЛИ, КОЛЛЕГИ!

Добро пожаловать в очередной выпуск web-журнала! Данный выпуск посвящен Карагандинской области Республики Казахстан. В этом номере вы узнаете много интересного о нашем регионе, его достопримечательностях и живописных уголках природы.

Представляем вашему вниманию Департамент государственных доходов по Карагандинской области Комитета государственных доходов Министерства финансов Республики Казахстан. Ведь именно от сбора налогов и таможенных платежей зависит бюджет государства, реализация государственных программ и программ местного значения, направленных на улучшение качества жизни народа Казахстана. Эффективное поступление налогов и платежей в государственный бюджет, борьба с теневой экономикой, повышение правовой грамотности и налоговой культуры населения – все это кропотливая и напряженная работа сотрудников органов государственных доходов.

В этом выпуске журнала мы познакомим читателей с сотрудниками органов государственных доходов Карагандинской области, которые верны своей профессии и ежедневно трудятся на пополнение государственного бюджета и благо страны, а также с итогами деятельности Департамента государственных доходов по Карагандинской области.

Мы стремились создать журнал, который будет интересным и познавательным как для коллег-профессионалов, так и для всех читателей, кто интересуется развитием Карагандинской области. Уверены, что данный журнал вам понравится!

*Руководитель Департамента
государственных доходов
по Карагандинской области
Усембаев Б.Ж.*



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
МЕМЛЕКЕТТІК ҚІРІСТЕР ДЕПАРТАМЕНТІ

ДЕПАРТАМЕНТ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ДОХОДОВ
ПО КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

МОМЕНТ ВЫХОДА ЖУРНАЛА СОВПАДАЕТ С ПРАЗДНИЧНЫМИ ДАТАМИ
ДНЯ СТОЛИЦЫ И ДНЯ КОНСТИТУЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН,
А ТАКЖЕ СО 180-ЛЕТИЕМ СО ДНЯ РОЖДЕНИЯ ВЕЛИКОГО
КАЗАХСКОГО ПОЭТА АБАЯ КУНАНБАЕВА.

С 6 июля 2008 года в Республике Казахстан отмечается государственный праздник-День столицы (День Астаны), установленный Законом РК «О внесении дополнений в Закон Республики Казахстан «О праздниках в республике Казахстан» от 25.06.2008 года №47-IV. Целью праздника является чествование Астаны, как новой столицы Казахстана, воспитание патриотизма, и гражданственности, а так же ознакомление с историей и культурой города.

30 августа 1995 года на всенародном референдуме принята действующая Конституция Казахстана. Этот день является одним из главных государственных праздников в нашей стране. В этом году отмечается 30-летие со дня принятия Конституции.





В 2025 году Казахстан отмечает 180-летие со дня рождения великого казахского поэта, мыслителя и просветителя Абая Кунанбаева (1845-1904 гг.). Основная цель празднования – это популяризация и сохранение его наследия, а также повышения интереса к казахской культуре и литературе. Мероприятия, приуроченные к юбилею, направлены на осмысление глубинной сущности его творчества, возрождение национального искусства и традиции, а также воспитание патриотизма и чувства гордости за казахского поэта и мыслителя.


Абайдың көркемдік, әлеуметтік гуманистік және дінге көзқарастары терең білінген еңбегі - **қара сөздері**. Абайдың қара сөздері - ұлы ақынның сөз өнеріндегі көркемдік қуатын, философиядағы даналық дүниетанымын даралап көрсететін классикалық стильде жазылған прозалық шығармасы. Жалпы саны қырық бес бөлек шығармадан тұратын қара сөздерінің тақырыбы әр алуан. Абай өзінің қара сөздерінде шығарманың ажарына ғана назар аударып қоймай, оның тереңдігіне, логикалық мәніне зер салған.

Абайдың "Он жетінші қара сөзінде" адамның бірыңғай жақсы қасиеттерін – ақыл, қайрат, жүрек үшеуін өзара айтыстырып, ойшыл ретінде ақ пен қараның, жақсы мен жаманның, адалдық пен зұлымдықтың, білімдік пен надандықтың, кішіктік пен данғойлықтың ара жігін ашып, дәлелдеп ұсынған қара сөзі.

1888 жылы жазған «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек» атты өлеңіндегі: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден бөлек», – деген ойын Абай он жетінші қара сөзінде үшеуінің бір-бірінен айырмашылығын, оның адам өмірінде қайсысының қаншалықты орны барын тереңірек аша түскен.

Қара сөзде қайрат, ақыл, жүрек бірімен-бірі таласып, адам өмірінде қайсысының бағасы артық екенін ғылымға шешкізеді. Кез-келген істі бастауға, өнер үйренуге, оқу-білім игеруге, тіпті Құдайға құлшылық етуге менсіз болмайды, талапсыз, жігерсіз күн жоқ деп алдымен қайрат уәжін білдіреді. Қайратсыз ешқандай іс аяқталмайды, толық кемеліне жетпейді. Мал табуға, еңбек етуге, мансапка жетуге қайрат керек. Осының барлығы рас болса, ақыл мен жүрек менімен біріншілікке қалай таласады деп ғылымға пікірін айтады.

Абай
Кунанбаев





КАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР ДЕПАРТАМЕНТІ

ДЕПАРТАМЕНТ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ДОХОДОВ
ПО КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

РУКОВОДЯЩИЙ СОСТАВ ДЕПАРТАМЕНТА



РУКОВОДИТЕЛЬ ДЕПАРТАМЕНТА
**УСЕМБАЕВ
БИРЖАН ЖОЛДАСОВИЧ**

19.07.1975 г.р.,
Руководителем Департамента назначен
13.03.2024 года, стаж работы в системе МФ РК
более 27 лет, награжден юбилейной медалью
«Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне
25 жыл» (2016г.), нагрудными знаками «Қаржы
қызметінің үздігі» (2020г.), «Қазақстан
Республикасының Қаржы министрлігі 100
жыл» (2021г.).



ЗАМЕСТИТЕЛИ РУКОВОДИТЕЛЯ
ДЕПАРТАМЕНТА
ГОСУДАРСТВЕННЫХ ДОХОДОВ
ПО КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ
**МУСЛИМОВ
НАРИМАН ЕРТОРГЫНОВИЧ**

29.11.1969г.р.,
Стаж работы в системе МФ РК более 31 года,
07.11.2022 года назначен заместителем
руководителя Департамента, награжден
ведомственной медалью «За безупречную
службу в таможенных органах 1 степени»
(2013г.), Нагрудным знаком «Қазақстан
Республикасының Қаржы министрлігі 100 жыл»
(2021г.), Юбилейной медалью «Қазақстан
Республикасы Қаржы министрлігінің
Мемлекеттік кірістер комитетіне 10
жыл»(2024г.)Орденом «Құрмет»(2024г.).



**РАХИМБЕРДЫ
РУСЛАН КАИРГЕЛЬДЫУЛЫ**

02.01.1977 г.р., стаж работы в системе МФ РК более 24 лет, заместителем руководителя назначен 24.02.2025г. Награжден нагрудными знаками «Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне 100 жыл» (2021г.), «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетіне 10 жыл» (2024г.).



**СУЛЕЙМЕНОВ
АЗАМАТ ЖАНАБЕРГЕНОВИЧ**

23.03.1991 г.р., стаж работы в системе МФ РК более 11 лет, 26.08.2024 года назначен заместителем руководителя Департамента, награжден Нагрудными знаками «Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 100 жыл» (2021г.), «Мемлекеттік кірістер органдарының үздігі» (2024г.), Юбилейной медалью «Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл» (2021г.).





ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
МЕМЛЕКЕТТІК ҚІРІСТЕР ДЕПАРТАМЕНТІ

ДЕПАРТАМЕНТ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ДОХОДОВ
ПО КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

КОЛЛЕКТИВ ДЕПАРТАМЕНТА







ТАРИХ БЕТТЕР СЫР ШЕРТЕДІ

Если взглянуть на карту Республики Казахстан, входящую по территории в первую десятку стран мира, то в ее центральной части привлекает внимание обширное плоскогорье. Это огромная территория, которой местные жители дали поэтическое название - «Сарыарка».

Край природных контрастов, с резко-континентальным климатом и великолепной красотой ландшафта, тут и бескрайняя ковыльная степь с проносющимися, как вихрь сайгаками, и величественные горы, на вершине которых гордо перескакивают скалы архары - являющиеся по преданиям оберегом Сарыарки, и многочисленные озера, которые определяют древний путь перелетных птиц.

Еще в древности здесь были обнаружены большие запасы полезных ископаемых. В настоящее время Карагандинская область является одним из крупнейших индустриальных и сельскохозяйственных регионов Республики Казахстан.





САРЫАРҚАНЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАСЫ

Сарыарқа - Қазақстанның ірі физикалық-географиялық және табиғи-тарихи аймағының бірі. Сарыарқа - халықтықатау. Сарыарқаға Қарағанды, Ақмола облыстарының жері толықтай, бұрынғы Торғай, Семей, Павлодар облысының біраз жері кіреді. Қарағанды облысының территориясы, негізінен, Сарыарқаның орта бөлігінде орналасқан. Сондықтан да жергілікті халық осы өңірді ежелден Сарыарқа, Арқа даласы деп атаған. Сарыарқа атауы «жер бетіндегі өсімдіктері күйгендіктен сарғайып жататын кең де үлкен жон, жалпақ үстірт, сансыз адырлы қырқа» ұғымын білдіреді.


Сарыарқа - қазақтың байлығының көзі ғана емес, сонымен қатар өнердің, мәдениеттің және тарихтың кеніші. Сарыарқаның асыл тумалары, сонау Абылай заманындағы Бұқар жырау, Қаз дауысты Қазыбек, ақындар Шөже, Шашубай, Доскей, жазушы С.Сейфуллин және ақын Қ.Аманжолов, композиторлар Тәттімбет, Мәди, Ұлы Отан соғысының қаһарманы Н.Әбдіров, ғалымдар А.Чижевский және Е.Бөкетов, қазақтың тұңғыш ғарышкері Т.Әубәкіров сияқты атақты адамдар Сарыарқаның атын шығарған.

Көмірлі өнердің халқы Қазақстанның тұңғыш Президенті Н.Назарбаевты да өзінің бел баласы деп есептейді. Өйткені ол жас күнінен бастап Теміртаудағы атақты Қазақстан Магниткасында тау-кенші болып еңбек жолын бастаған.

Еліміздің тарихынан орын алған «адамзат ажалының аралындай» КарЛАГ-та жас гұмырларын «тар жол, тайғақ кешумен» өткізген небір совет және шет елдің жүздеген оқымыстылары, зиялы қауым өкілдері тар қапаста жүрсе де Қарағандыда тұңғыш өнер ошақтарын ашқан «алғашқы қарлығаштар» болып табылады. Бұл өнер қайраткерлерінің артынан ызғарлы, қайғылы сұмдыққа толы жылдары туындаған өнер мұралары қалды. Қазіргі кезде бұл мұралар әлем жұртшылығының қызығушылығын тудырып отыр.



ҚАРТА ҚАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ



Қарағанды облысы – Қазақстан Республикасының орталығында орналасқан облыс. Қарағанды қаласының іргетасы 1934 жылғы 10 ақпанда құрылған. 2024 жылы қаланың 90 жылдығы тойланып өтті.

Жалпы облыс аумағы 239,1 мың шаршы метр құрайды, тұрғындар саны – 1 млн 134, 3 мың адам, олар 6 облыстық маңызы бар қалаларда, 29 кентте, 325 ауылда және 7 ауданға біріктірілген ауылдарда тұрады.

Солтүстігінде-Ақмола, Павлодар, Шығысында –Абай облысы, Батысында-Ұлытау, Оңтүстігінде-Жамбыл, Оңтүстік шығысында-Алматы, Жетісу, Солтүстік батысында-Қостанай облыстарымен шектеседі.

7 аудан және 6 облыстық маңызы бар қала құрамына, келесі аймақтар:

Қарағанды, Теміртау, Саран, Шахтинск, Балхаш, Приозерск қалалары және Абай, Ақтогай, Бұхар-жырау, Қарқаралы, Нұра, Осакаровка, Шет аудандары кіреді. Әкімшілік орталығы – Қарағанды қаласы.



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ТАРИХЫНАН ҮЗІНДІ

Қарағанды тарихын тарихшылардың бір бөлігі көмірмен «Қара+қан+ды» - бұл жердің басты байлығын қазақша дәл осылай атаған. Бұл өз мағынасында «қара қан», «қара (қою) қан», «қара ұйыған қаны бар жер» дегенді білдірген. Яғни осында өндірілетін көмір пласттарын жұрт ұйыған қара қанға ұқсатқан. Қала атауының шығу тегінің екінші бір нұсқасын осы аймақта өсетін өсімдік – қарағанмен байланыстырады. (Қазақша – қарағанды, қараған).

Қазақстанның дәл орталық аумағында, Еуразия құрлығының жүрегінде орналасқан индустриалды қала Қарағанды қаласының құрылғанына биыл тоқсан жылдан асып отыр. 1934 жылы 10 ақпанда Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитеті Алқасының қаулысымен Қарағанды кенті қала мәртебесіне ие болған тарихы бар.


Қарағанды облысының тарихы 1932 жылдан бастау алады. Сол жылы орталығы Петропавл қаласы болып белгіленген Қарағанды облысы құрылды. Арада төрт жыл өткенде ол екіге бөлінді. Біреуі Солүстік Қазақстан аталып, екіншісі Қарағанды қаласы және 14 аудан қараған жаңа аймаққа айналды.

ҚОАК-тің Қарағанды облысы бойынша Ұйымдық комитетінің төрағасы, өлкелік партия комитетінің ұйымдастыру бюросының мүшесі Абдолла Асылбеков болды.

Осы өңірдің тумасы, сол замандағы қоғамдық құбылыстардың, өзгерістердің ұйытқысы, ұлттық басшылық құрамының көрнекті өкілі Абдолла Әбдірахманұлы Асылбеков облыстық кеңес атқару комитетінің тұңғыш төрағасы болып сайланды. Бірақ ол 1937 жылдың зобалаңына ұшырап, нақақтан нақақ ауыр жазаға кесілді.

1938 жылдың қыркүйегінде Қарағандыда екі жылдық мұғалімдер институты құрылды. Ол кейін педагогикалық институттың, бұдан соң қазіргі Е.А.Бөкетов атындағы мемлекеттік университеттің негізін қалаған облыстағы тұңғыш жоғары оқу орны болды. Бұл уақытта қала тұрғындарының саны 162 мың адамға ұлғайып, бүгінгі орталық бөлігіндегі ғимараттар мен үйлердің салынуы басталды.

1939 жылы құрамынан Ақмола облысы бөлініп шығып, әкімшілік-аумақтық құрылымы жүйелене түсті.





1943 жылы Қарағандыда облыстар арасынан алғаш рет өткізілген әйгілі ақындар айтысы болды. Облыстың барлық қалаларына, аудан орталықтарына, ірі кәсіпорындарына радио арқылы тыңдатылған бұл айтыста атақты халық ақындары Доскей Әлімбаев, Шашубай Қошқарбаев, Қайып Айнабеков, Жолдыкей Нұрмағамбетов, Нартай Бекежанов, Ғаб- диман Игенсартов, Нұрлыбек Баймұратов, Көшен Елеуовтер жыр додасын қыздырды.

1944 жылдың 31 желтоқсанында Теміртаудағы Қазақ металлургиялық қайта өңдеу зауытының бірінші мартен пешінің қатарға қосылып, қазақстандық тұңғыш болат алынды.

1947 жылы 12 миллион 565 мың тонна көмір өндіріліп, Қарағанды Одақтағы үшінші отын ошағы ретінде танылды, Қазақ металлургия зауытында екінші мартен пеші іске қосылып, экономиканың нығаюы басталды.

1949 жылдың 16-21 маусымы аралығында қалада «Орталық Қазақстанның өндіргіш күштерін зерттеп, игеру проблемалары» жөніндегі Қазақ КСР Ғылым академиясының көшпелі сессиясы өткізілуі аймақ ғылымының дамуына тың қозғау салды. Геология басқармасы құрылып, жаңа кен көздерін іздестіріп табу істерін кен ауқымды жүргізу жолға қойылды.

1949 жылдың 29 тамызында Семей полигонында тұңғыш атом бомбасының сыналуы облыстарихындағы қаралы таңба болып қалды. Төрт жылдан кейін Дегелең тауы тұсында сутегі қаруы жарылып. Егіндібұлақ аймағы өңірі тұрғындарына тағы ауыр зардап әкелді 1949-1962 жылдары бір кездегі әсем өңірдің ашық аспанында дүлей қарудың 266 жарылысы жасалды. Содан кейінгі уақытта да сынақтар тоқталмай, дала 300 рет ғаламат жарылыстардан сілкінді.

1950 жылдың 17 қазанында облыстағы екінші жоғары оқу орны - Қарағанды медициналық институты ашылды. Аймақтың өз білікті дәрігерлерін көптеп даярлауына мүмкіндік туды.

Облыс елуінші жылдары тек өнеркәсібі дамуымен ерекшеленбей сондай-ақ ауыл шаруашылығын да өркендетті. 1956-1957 жылдары аймақта ірі қара саны - 36.5 мың, қой мен ешкі 358.7 мың басқа жетті. Сонымен қатар бұл кезеңде тұрғын үй құрылысы кең қанат жайды. Облыс бойынша 1958 жылы 1957 жылмен салыстырғанда осы мақсатқа жұмсалған қаржы мөлшері 13 пайызға өсіп, тұрғын үйлерді пайдалануға беру 28 пайызға артты.

1953 жылдың қыркүйегінде облыстағы үшінші жоғары оқу орны Қарағанды тау-кен институты (қазіргі мемлекеттік техникалық университет) тұңғыш рет студенттер қабылдады. Бұл жылы Ғабиден Мұстафиннің «Қарағанды» және Ғабит Мүсіреповтің «Оянған өлке» романдары қарағандылық оқырмандардың қолына тиді.

Қарағандының түбіндегі Жауыртауытегінде туып-өскен Ғабиден Мұстафин бұдан соң аймақ өткендегісін баяндаған «Дауылдан кейін» және «Көз көрген» кітаптарын жазды,

Тың игеру

Елуінші жылдардың орта шенінде облыстың топырағы құнарлы бөліктерінде тың игеру науқанының басталуы елеулі оқиғалардың бірі болды. Осынау іс жері егін өсіруге қолайлы Нұра және Осакаров аудандарында кең өріс алды, Алғашқы тың шаруашылықтары «Донской» «Родниковский» «Киевский» «Энтузиаст» «Шахтер» «Индустриальный» «Шерба- ковский», «Киргизия» т.б. құрылды.

1954 жылы Жезказғанға қала мәртебесі берілді. 1957 жылдың 3 желтоқсанында Кеңес одағындағы ең ірі металлургиялық зауыт Қазақстан Магниткасында бірінші домнаның іргетасы қаланды.





1958 жылдың қазан айында облыс Ленин орденімен марапатталды. Ол астық және ауыл шаруашылығының басқа да өнімдерін өндірудегі зор жетістіктер үшін берілген еді.

Қоныстандыру тарихына көз жүгірту

Орталық Қазақстанның этникалық құрылымының құрылуы мен дамуының тарихы ұзақ. Өлкені қоныстандыру әртүрлі уақыттарда және түрліше жүргізілді. Орталық Қазақстан аумағында адам баласы ежелгі кезеңнен өмір сүргені белгілі, бірақ, өлкені қоныстандыру және игеру үдерісі ХХ ғасырға дейін созылды.

Бұл кезең Қазақстан аумағында өз позициясын нығайту мақсатында күрес жүргізген Ресей империясының аймақта өз қызметін жандандыруымен сипатталады.

1822 жылғы «Сібірқырғыздары туралы Жарғы» бойынша қазіргі Қарағанды облысының аумағы Баянауыл, Ақмола, Қарқаралы округтерінің құрамына кірді. Өз әсерінің күшін нығайту және өлкені игеруге қажетті жағдай жасау үшін патша үкіметі шекара бойына нығайтылған шептер ұйымдастырды. Осы шептер бойында сібір казактары мекендеген

Қарқаралы (1824 ж.). Ұлытау (1841 ж.). Ақтау (1837 ж.) және тағы да басқа осылар сияқты алғашқы елді мекен-станицалар пайда болды.

Орта жүздің ірі руларының бірі арғындардың негізгі бұқарасы Орталық Қазақстанда шоғырланғаны белгілі. Деректік мәліметтер бойынша олардың саны уездер бойынша келесідегідей болған: Қарқаралы уезінде - 87 381 шаруашылық. Ақмолада - шамамен 100 мың Атбасарда - 32 207 болған. Бұнымен қоса осы жерлерде найман руынан шыққан казактар да көшіп-қонып жүрген. Атбасар уезінде олар 38 375 шаруашылық болды.

Қарағанды - ежелден тоғыз жолдың торабындағы. Қазақстан мен төрт тараптағы елдердің өзара мәдени, экономикалық байланыстарын жүзеге асырушы орталық нүктесі ретінде сан түрлі тарихтың куәсі болған алқап. Осы қала орналасқан аумақтан Ұлы Жібек жолы мен кейінгі Абылайдың кара жолы өтетін. ХҮІІІ ғасырдағы казак пен жонғар, шүршіт пен казак соғыстарының жорық жолдары да осы қаланың аумағымен өткен.

Қазак даласындағы көмір өндіру өнеркәсібінің орталығы ретінде бірте-бірте қанат жайған Қарағанды Орталық Қазақстанның ірі мәдени және индустриалдық орталығына айналды.

Қазіргі Қарағанды қаласы орналасқан алқап - казак даласының кіндігіндегі байырғы мекеннің бірі. Мұнда казактың Орта жүзінің арғын тайпасынан тараған рулар қоныстанды. Арғынның бес мейрам атты рулар бірлестігінің үлкені - қуандық. Қуандықтың Сарман- тай атасынан тарайтын Аппақ Байжанов (1824-1887) - Қарағанды қаласы алабында көмір барын алғаш тапқан адам болып тарихта қалған. Жергілікті ауқаттының қойын бағып жүрген Аппақ қазіргі «Северная» шахтасының аумағынан суырдың інінен шығып жатқан көмірді көріп, мұнда осы бір отын қорының бар екенін біледі. Зерттеушілер бұл датаны 1833 жыл деп айқындайды. Аппақ көмірді қазыпалып, айналасындағы ауылдарға апарып беріп жүреді.

Жалпы алғанда казак даласын, оның ішінде орталық өлкені мекендеген адамдар жер астында қандай қазба байлықтар бар екенін ежелден-ақ білген деуге толық негіз бар. Оған Жауыртау (қазіргі Теміртау). Қарағанды. Қайрақты т.б. атаулар куә болады. Қарағандының мол көмір қазынасын алғаш тапқан Аппақ Байжанов есімімен бүгіндері Қарағанды қаласының бір көшесі аталған.


Қазак даласындағы көмір өндіру өнеркәсібінің орталығы ретінде бірте-бірте қанат жайған Қарағанды Орталық Қазақстанның ірі мәдени және индустриалдық орталығына айналды. Қазіргі Қарағанды қаласы орналасқан алқап - казак даласының кіндігіндегі байырғы мекеннің бірі.

Экономика Қарағанды, как и всей Карагандинской области, тесно связана с промышленностью, особенно с горнодобывающей и металлургической отраслями. Область является крупным индустриальным центром Казахстана, занимая лидирующие позиции в стране.



ҚАРАҒАНДЫ ӨНІРІНІҢ ТАРИХИ- МӘДЕНИ ЕСКЕРТҚІШТЕРІ

Беғазы археологиялық кешен
қола дәуірінің соңғы кезеңіндегі тайпа
көсемдері мен дін басыларының бейіттері.
Беғазы мәдениетіне жататын тарихи
жәдігерлер ерте заманнан, дәлірек айтқанда,
қола дәуірінен жеткен мұралар болып
табылады. «Беғазы» деген атау сол жердегі
Беғазы тауына, Беғазы өзеніне байланысты
қойылған. Дәндібай да жер атауы. Осы екі атау
біріктіріліп, сол жердегі археологиялық
кешенді «Беғазы-Дәндібай мәдениеті» деп
атайды. Ерте дәуірдегі Қазақстанның
тарихынан сыр қозғайтын «Беғазы-Дәндібай
мәдениеті» Қарағанды облысындағы аудан
орталығы Ақтоғай кентінен 40 шақырымдай
жерде орналасқан.





Қаражартас қорымы

Талдынұра өзенінің сол жағалауында орналасқан (Қарағанды облысы, Шет ауданы, Талды ауылдық округі), Орналасу жері бойынша Талдынұра өзенінің кең, шөбі шүйгін, ыңғайлы алқабында тұр. Мұның шығыс және оңтүстік-шығыс жағында Қызылтау тауының жотасы жатыр.

Қорым құрамында соңғы қола дәуіріне қарасты беғазы-дәндібай мәдениетінің 32 құрылысы бар. Орталық бөлігін пирамидалы-сатылы құрылыс түрінде салынған үлкен тас кесене алып жатыр, оның айналасында кішкентай жәшікті қоршау түріндегі қарапайым адамдардың жерлеу орындары орналасқан. Үш мыңжылдық тарихы бар қорым сол заманның белгісіз билеушісіне тиесілі болған.



Талды II


Қарқаралы ауданы, Қ.Аманжолов ауылынан 1,4 км жерде орналасқан. Ескерткіш ерте темір дәуірімен мерзімделген, біздің эрамызға дейінгі VI-V ғғ. аралығын қамтиды. Әр дәуірлік құрылыстардан тұратын 60 нысан тіркелген. Қорғандар ерте заманда тоналғанына қарамастан, табылған бұйымдар ерекше ғылыми және мәдени құндылыққа ие. Жүздеген ұсақ қабықша, түйіршіктерді санамағанда, толықтай құйылып жасалған 130 астам алтын бұйымдар, 14 садақ жebesі, тас моншақтар бар. Табылған бұйымдар ішінде мысық тұқымдас жыртқыш аңдардың әдемі мүсіндері, алтыннан жасалған белдіктің басы мен қапсырмалары, жыртқыш аң бейнеленген тығырықшалар, аспа белдіктердің алтын қапсырмалары, алтын сырға бар. Сонымен бірге киім ілдіргілері мен фольгалардың фрагменттері табылды.





ЖИДЕБАЙ БАТЫР ҚЕСЕНЕСІ.

Шет ауданы, Ақсу-аюлы поселкесінен 10 шақырым жердегі Талды өзенінің бойында орналасқан.



СЕНҚІБАЙ БАТЫР ҚЕСЕНЕСІ

Шет ауданы Талды ауылынан 2 шақырым Талды өзенінің бойында орналасқан. 1986 жылы батыр ұрпақтары киелі әулие батырдың басына кесене көтерген.



ҚҰНАНБАЙ ҚАЖЫ МЕШІТІ

Қарағанды облысының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енген 19 ғасырдан сақталған сәулет өнері ескерткіші. Шет ауданы. Кіікті теміржол бекетінен оңтүстік-батысқа қарай 45 шақырым жерде орналасқан.

АҒЫБАЙ ҚОҢЫРБАЙҰЛЫ БАТЫР ҚЕСЕНЕСІ

Қарқаралы қаласында орналасқан, 1851 жылы салынып біткен ғимарат, қазіргі таңда сакралды нысандар тізіміне енген маңызды ескерткіштер болып табылады.



*Айнан кесенесі – Ақтоғай ауданы IX ғасыр
Аппаз төре кесенесі – Қарқаралы ауданы XIX ғасыр
Балықпай кесенесі – Ақтоғай ауданы, XIX ғасыр
Ақкезең қонысы – Шет ауданы, қола дәуірі және т.б.*



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ СҰЛУ ТАБИҒАТЫ



ШАЙТАНҚӨЛ

Қарағанды облысы Қарқаралы қаласының оңтүстік-батысында 5 км жерде, Бұғылы тауының теңіз деңгейінен 1 200 м биіктігінде орналасқан әйгілі көл. Көлдің ұзындығы 60 метр, ені 40 метр, орташа тереңдігі 2 метр болатын құпиялы көл. Суы мөлдір, түбі тастақ, суы сіңбейді. Оңтүстік, батыс, солтүстік жағаларын қоршап тұрған жартастардың биіктігі 10 метр және одан да биік. Қар, жаңбыр суымен толығады.



БЕҚТАУ АТА ТАУЫ

Сарыарканың оңтүстігіндегі қасиетті тау. Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданында, Балқаш қаласынан солтүстікке қарай 60 км жерде, ұсақ шоқылы-белесті жазықта орналасқан. Солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай 7 км-ге созылып жатыр, ені 3 км, абсолюттік биіктігі 1 213 м.




БАЛҚАШ

Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы тұйық көл. Аумағы жөнінен Каспий, Арал теңіздерінен кейінгі үшінші орында, әлемдегі ең үлкен көлдер тізімінде 14-ші орында. Алматы, Жамбыл, Жетісу, Қарағанды облыстарының шегінде, Балқаш-Алакөл ойысында, теңіз деңгейінен 340 м биіктікте жатыр. Көлдің солтүстігінде кең Қазақтың ұсақ шоқысы, батысында Бетпақдала, ал оңтүстігінде Шу-Іле таулары, Тауқұм және Сарыесік-Атырау құмдары орналасқан.



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ МАҚТАНЫШТАРЫ



Қазыбек би Келдібекұлы – Қазақ халқының ұлі биі, 1667 жылы Сырдария өзенінің жағасында дүниеге келген (нақты туылған жері белгісіз). Балалық шағын Қаратау мен Ұлытауда өткізді. Жас кезінен бастап, өзінің өткір ақыл-ойымен және терең білімімен ерекшеленген. Көптеген аңыз-әңгімелермен, мақал-мәтелдермен және нақыл сөздермен жақсы таныс болған. 14 жасында қазақ елшілерімен бірге, Жоңғар ханы – Сыбан Раптанмен келіссөздер жүргізуге аттанды. Өзінің батылдығының және шешендік өнерінің арқасында, халықтан ұрланған мүлікті елге қайтарып, тұтқындарды босатты. Оның шешендігіне таң қалған Сыбан Раптан, болашақ биді «қаз дауысты» деп атап, бұл ат Қазыбек бидің өмірінің соңына дейін сақталып қалды. Бұдан кейін, Жоңғар хандығына тағы да бірнеше рет дипломатиялық сапармен барған.

Осындай сапарлардың бірінде, тұтқынға алынған Абылай ханды босата алды. Қазыбек би Абылайды қазақ халқын біріктіре алатын адам ретінде қарастырып, оны азат ету үшін үлкен табандылық танытты. Сондай-ақ, келіссөздердің нәтижесінде, Түркістан қаласы және қазақтың 32 елді мекені жаудан құтқарылды. Тәуке хан Қазыбекті Орта Жүздің басты биі етіп тағайындаған. Ол үш жүзді біріктіруге үлкен үлесін қосып, жоңғар басқыншыларына қарсы жалпыұлттық күресті ұйымдастырған.



Тәттімбет Қазанғапұлы – қазақтың әйгілі күйші-композиторы, дәулескер домбырашы, күй өнеріндегі Арқа мектебінің негізін қалаушы. Тәттімбет 1815 жылы Қарағанды облысының Қарқаралы ауданындағы Дастар тауының етегінде дүниеге келген. Бұл жер қазіргі Абай атындағы кеңшардың Мыржық деп аталатын ауылына қарасты – Қызылжал қыстауы. Қызылжал қыстауын Мөшеке бұлағы деп те атайды. Мөшеке – Тәттімбеттің үлкен әкесі. Тәттімбет небәрі 45 жас ғұмыр кешіп, 1860 жылы дүниесіз қалды. Бейіті Қарқаралы ауданының жерінен ағатын Түндік өзенінің бойында, Бабалы мен Арқалық тауларының ортасында, «Арқалық» кеңшарынан 12 шақырым жерде. Тәттімбет дәулетті әулеттен шыққан. Қарқаралы округіндегі Нұрбике-Шаншар болысында 1842-1854 жылдар аралығында болыс болған. 1855 жылы Ресей патшасы Александр II-нің таққа отыру рәсіміне шақырылып, Петербургке барған. Қазақтың күй өнерінде.

Тәттімбеттің «Саржайлау», «Қосбасар», «Былқылдақ», «Сылқылдақ», «Көкейкесті», «Бес төре» сияқты ондаған күйлері классикалық үлгідегі мұра ретінде ұлттың рухани мақтанышына айналған. Қазақтың музыкалық мәдениетінің дамуына Тәттімбет күйлерінің шапағаты зор.



Бұқар жырау Қалқаманұлы(1668–1781) әйгілі жырау, Абылай ханның ақылшы-биі, абыз. Жұрт оны «Көмекей әулие» деп атаған. Сөйлегенде үнемі қара сөзбен емес, көмекейі бүлкілдеп, түйдек-түйдек жырмен сөйлейтін болған. Көбіне-көп Абылай ханның өтінішімен, «сәуе айтшы» деген тілегімен түсінде көрген істерін болжап айтады екен, бұлары дәлме-дәл келіп отырған. Жырау қазақ халқының жоңғар басқыншылығы тұсында, елдің болашағы қыл үстінде тұрған кезде өмір сүріп, сол алмағайып замандағы күрделі мәселелерге өз жырларымен жауап бере білген. Осындай ауыр сәттерде Абылай ханға дұрыс кеңес беріп, ел-жұртты басқыншы жауға қарсы күресте біріктіруге, бір тудың астына топтастыруға күш салған. Өзінің саяси-әлеуметтік мәнді жыр-толғауларымен сол жалынды күрестің жыршысына айналған. Осы мақсатта ол Абылай ханды бірден-бір қажетті басшы санап, оған халық бірлігін сақтап қалатын көсем тұрғысында үлкен сенім артқан.




Абылай хан да сол биік талаптан табылып, елдің бірлігі мен жарқын болашағы үшін жан аямай қызмет еткен. Жырау сол азаттық жолында өлімге бас байлап, ерліктің небір ғажайып үлгілерін көрсеткен хан мен оның батырларын жырға қосып, олардың өшпес әдеби бейнелерін жасаған. Әсіресе, Абылай ханның көрегендігі мен даналығын, ауыр кезең, қиын сәттерде ел ұйытқысы бола білгенін асқақ жырлаған. Оның «Абылай ханның қасында», «Ал, тілімді алмасан», «Ай, Абылай, Абылай», «Қазақтың ханы Абылай», «Ханға жауап айтпасам», «Басына біткен күніміз», «Ай, Абылай, сен он бір жасында», «Ал, айтамын,

Аппақ Байжанов (1824-1887 жж.) –Қарағанды көмір бассейнін алғаш ашушы, кен білгірі. 1824 жылы Нұра өңірінің оңтүстігінен 25 км. жердегі Қарағанды мекенінде туып-өскен. Ол жастайынан жергілікті болыстың қойын бақты. 1833 жылы ол жер бетіне шығып жатқан тас көмір қабатын тапты (қазіргі «Северная» шахтасының жері). Көмірдің жанатын қасиетін білетін Аппақ оны өндіріп, жақын маңайдағы ауылдарды отынмен қамтамасыз ете бастады.

А.Байжановтың жаңалығы ол кездері іскер топтардың назарына шалынбады, оның үстіне жергілікті бай-шонжарлар шаруашылықтың дәстүрлі үрдісін бұзғысы келмеді. Қарағандыда 23 жыл өткен соң ғана көмір өндіру басталды. 1856 жылы Қарағанды петропавлдық көпес Н. Ушаковтың қолына өткеннен кейін бұл жерде көмір өндіріле бастады.





Əlixan Нұрмұхамедұлы Бөкейхан

(05.03.1866 ж. бұрынғы Семей облысындағы Қарқаралы уезінің Тоқырауын болысы, қазіргі Қарағанды облысының Ақтоғай ауданында туған. 27.09.1937 ж. Мәскеу) - көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ғұлама ғалым, ұлт азаттық қозғалысының теориялық негізін салушы әрі көсемі, казактың тұңғыш саяси партиясын ұйымдастырушы және Алашорда үкіметінің төрағасы, публицист, аудармашы. Əlixan Бөкейхан - казактың жаңа тұрпатты ұлт-азаттық қозғалысының көсемі. Ол ұлттық мүдделерді көздейтін өз алдына партия құруды мақсат етті. Əlixan Бөкейхан - ел еркіндігі мен ұлт бостандығы үшін құрбан болған бірегей тұлға



Мәртбек Мамраев

(1908-1989 ж.) - гвардия аға сержанты. Кеңес Одағының Батыры. Қарағанды қаласының құрметті азаматы (1971 ж.) 1943 ж. қыркүйекте Днепр өзеннен өтерде 12-атқыштар дивизиясы 32-атқыштар полкінің пулемет расчетының командирі М.Мамраев асқан ерлік көрсетті. Ленин ордені. Құрмет Белгісі орденімен марапатталған. М.Мамраев 1908 жылы Қарқаралы ауданының «1 Май» ауылында дүниеге келген. Қарапайым шаруа отбасында ержетіп, қалыптасты.

1921 жылы комсомолдың шақыруы бойынша М.Мамраев үлкен Қарағанды құрылысына келді және онымен өз тағдырын мәңгілікке байланыстырды. Шахтада еңбек етті, содан кейін - электрмонтер және учаске механигі болып жұмыс істеді. 1936 жылдан бастап-Комитет төрағасы және 1940 жылдан бастап - №

3 шахтасы коммунистерінің тәлімгері.

1942 жылдың мамыр айынан бастап майданда болып, Сталинград қабырғасының жанында жараланады да 1943 жылдың тамыз айына дейін госпитальде болады. М.Мамраевтың атқыш ротасы барлығының алдында болды. Осы ұрыста ерлік пен шебер қолбасшылығы үшін М.Мамраев Кравстік Ту орденімен марапатталды.

Кеңес әскерлері 1943 жылдың қыркүйегінің соңында Днепрге шықты, су бөгетіне шабуыл басталды. Үш күн және үш түн коммунист М.Мамраев пулеметшілері жауды шулы отпен плацдармды ұстап тұрды. Бұл шайқаста М.Мамраев тағы да жараланды, бірақ ұрыс даласын тастап кеткен жоқ. Аға сержант М.Мамраев майдан аса ерлік көрсетті.



Нұркен Әбдіров

(1919 ж. Қарағанды облысы Қарқаралы ауданында туған. 19.12.1942 ж. Ростов облысы) - әскери ұшқыш-штурмовик, сержант. Кеңес Одағының Батыры. 1939 ж. Қарағанды аэроклубының ұшқыштар курсы бітіріп, запастағы пилот мамандығын алды. Қызыл Армия қағарына 1940 ж. шақырылды. Орынбор авиация училищесін бітіргеннен кейін (1942 ж.), 267-ші авиация дивизиясының 808-ші полкіне жіберілді. Шайқаста ержүректілігімен, іскер қимылдарымен көзге түсті, жаудың оқ-дәрі, қару-жарак қоймаларын, адам күші мен ұрыс техникасын жойды. 16 рет әуе шайқасына қатысып, фашистердің 12 танкісін, 28 жүк автомобилін, оқ-дәрі тиеген 18 машинасын, жанармай құйылған 3 цистернасын, 3 зеңбірегін жой-



ып. 50-ден астам неміс солдаты мен офицерін жер күштырған. 17-жауынгерлік тапсырмасын алған (19.12.1942 ж.) Н. Әбдіров жаудың Сталинград шебіне енетін Боков-Пономаревка аудандағы қорғаныс бекінісі мен шоғырланған танкілерін жою үшін әуеге көтерілді. Тапсырманы орындау кезінде Н. Әбдіров бірнеше дзотты, зенит артиллериясының 2 нүктесін, 6 танкті жойды, бірақ өзінің ұшағы да зақымданды. Жалын шарпыған ұшағын жау техникасы шоғырланған тұсқа бағыттап, капитан Н.Ф. Гастелло сияқты қаһармандықпен каза тапты.

Қасым Рақымжанұлы Аманжолов

(10.10.1911. Қарқаралы уезінде туған - 18.01.19.1955. Алматыда дүние салған) - қазақтың аса ірі ақындарының бірі 1938 жылы тұңғыш өлеңдер жинағы «Өмір сыры» дегенатпен жарықкөрді. «Достар», «Туған жер», «Құрбыма». «Сауыншы жеңгейдің жыры», «Домбыра», «Май келді», «Күйім тасып барады, күйім тасып», т.б. көркемдігі жоғары өлеңдері ерекше. 1924 жылы Қасым Семей қаласындағы интернатта 1927 жылға дейін тәрбиеленеді. Одан әрі қарай үш жыл Семей мал дәрігерлік техникумында оқиды. Алғашқы өлеңдерін де осы кезде жазады, 1930 жылы Алматыға келіп, біраз уақыт «Лениншіл жас» газетінде істейді, 1931 жылы Ленинградтағы орман шаруашылығы институтына түсіп оқиды.



Бірақ денсаулығына байланысты және түскен оқуын да онша ұната қоймағандықтан, бірер жылдан кейін елге оралып, Орал қаласында «Екпінді құрылыс» газетіне қызметке орналасады. Жас ақынның көптеген өлеңдері осы газетте жарық көреді. Әншілік, әртістік өнерге бейім, домбыра, мандолина бастаған бірсыпыра музыкалық аспаптарда еркін ойнайтын ақ көңіл, жайсаң жанды «ерке Қасымның» Оралда болған, әсіресе 1935-1936 жылдары Оралдағы қазақ театрындағы қызмет еткен кезі өміріндегі ең бір қызықты, қымбат шағы болып қалады. Оның бойындағы туа біткен зор таланты да осында белгі беріп, ақындық жолына біржолата бет бұрады.

Тоқтар Оңғарбайұлы Әубәкіров

(27.07.1946ж. Қарағанды облысы Қарқаралы ауданында туған) қазақтан шыққан тұңғыш ғарышкер, ұшқыш, Кеңес Одағының Батыры (1988), Халық қаһарманы (1995), «Отан» орденінің иегері (1995), техника ғылымының докторы (1998), профессор (1997). Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің құрметті профессоры. Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің Құрметті профессоры. 1990 жылы ғарышкерлер құрамына алынып, 02.10.1991ж. Байқоңырдан «Союз ТМ-13» кемесімен ғарышқа ұшты. Ғарыш кемесі жер төңірегіндегі «Мир» орбиталық кешенімен түйісті. Онда ол өзге ғарышкерлермен бірге биотехнология, металлургия, медицина салалары және Арал аймағы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Сондай-ақ. Қазақстан аумағындағы атмосфераны және жер бетін зерттеу, жұлдызды аспан астрофизика бақылау жұмыстары да ойдағыдай өтті. 10.10.1991ж. Жерге оралды. Ғарыштан оралған соң Қазақстандағы ғарыштық даярлығын зерттеулердің негізін қалауға, отандық Қарулы Күштердің әскери даярлығын жетілдіруге, әскери-патриоттық тәрбие жұмыстарын жолға қоюға белсене араласты.





Габиден Мұстафин

(29.11.1902ж. Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданында туған. 20.01.1985ж. Алматыда дүние салды) - қазақ жазушы. Қазақстанның халық жазушысы (1984). қоғам қайраткері. Ғ.Мұстафин шығармалары шетел тілдеріне аударылып, оқырмандардан өз бағасын алды. Ғ.Мұстафинның шығармалары 20 ғасырдың басындағы дүрбелең оқиғалар мен қоғамдағы жаңалықты, ел басынан өткерген ауырпашылықты кеңінен суреттеуімен құнды. Мұнда ғ. Мұстафин өзі өмір сүрген дәуірдің панорамалық суреттерін жасап, қиыншылықтарды жеңе отырып, ілгері ұмтылған қоғамды, ондағы адамдар қарым-қатынасын көркем бейнелейді. Ғ.Мұстафинның шығармаларының негізгі тақырыбы - өндіріс өмірі мен ауыл тіршілігінің тынысы. Ғ.Мұстафин шығармаларының елеулі ерекшелігі оның өзіндік стилінде, яғни сөйлемді қысқа құрып, аз сөзге көп мағына берді. Тілі қарапайым да жатық.

Ұғымға жеңіл, оралымды, ұтымды. Халықтың қанатты, бейнелі сөздерін орынды пайдаланумен қатар өз тарапынан да өткір, ықшам сөз тіркестерін жиі қолданған. Әдебиетін мақалаларында елдің, ұлтың жайын қозғап, әдебиеттің бүгіні мен ертеңі, дамуы турасындағы тың ой-тұжырымдарын жазды.



Акан Каргамбаевич Сатаев

(родился 23 декабря 1971 года, в г. Караганда) - казахстанский кинорежиссёр, актёр, сценарист и продюсер. Окончил в 1994 году факультет кино и телевидения Казахской национальной академии искусств имени Т. К. Жургенова.

Во время учёбы в Академии снялся в главной роли студента Азата в фильме Калдыбая Абеннова «Аллажар» о декабрьских событиях в Алматы 1986 года. После окончания академии снимался в различных художественных фильмах. В то же время начал работать в качестве режиссёра и продюсера рекламных роликов.

В 2003 году основал киностудию «Sataifilm». Киностудия сняла более 300-от рекламных роликов.

По итогам 2014 года народным голосованием был признан лучшим деятелем киноиндустрии Казахстана, став лауреатом Национальной Премии «Народный любимец года».

В 2016 году основал фонд «Astana Film Found», целью которого является поддержка казахстанских молодых режиссёров и массовый выпуск малобюджетного авторского кино. За 2016 год снял два полнометражных фильма: «Районы», криминальную драму о жизни подростков в СССР, и «Дорога к матери» - историческую драму, рассказывающую о периоде коллективизации. Великой Отечественной войне и послевоенных годах в Казахстане.

7 июля 2020 года - 27 сентября 2022 год назначен президентом АО «Казахфильм».



Күйіков Кәріпбек Тельтаевич

Семей ядролық полигоны орналасқан жерден 100 шақырымдай жердегі Қарқаралы ауданына қарасты Егіндібұлақ ауылында 1968 жылы туған. Ол полигонның ащы зардабын көрген жандардың бірі. К.Күйіковтің ядролық қаруға төзуге болмайтынын Қазақстанға ғана емес, бүкіл әлемге дәлелдеп жүрген қайсарлы тұлға. қылқалам шебері. Қылқалам шеберінің тісімен немесе аяқтарының башпайының көмегімен салған суреттері полигонның қасіретін көз алдына әкеледі. Оның туындылары Түркияда, Жапонияда, АҚШ-та, Германияда, тағы да басқа шет мемлекеттердің көрмесіне қойылды. К.Күйіков 2024ж. «Қазақстанның ізгі ниет елшісі» мәртебесіне ие болды. Суретші және АТОМ жобасының құрметті елшісі К.Күйіков бейбітшілік саласындағы Нобель сыйлығына ұсынылды. Қарқаралы ауданының Құрметті азаматы.



Головкин Геннадий Геннадьевич

(08.04.1982, Қарағанды) – орта және екінші орта салмақта өнер көрсететін қазақстандық кәсіпқой боксшы, әуесқой спортшылар арасында бокстан Әлем чемпионы (2003), Афинада өткен Олимпиаданың (2004) күміс жүлдегері. Кәсіпқой бокста IBF, WBA, IBO бойынша екі дүркін Әлем чемпионы. Әлемдік бокстағы бірнеше тұжырымдар бойынша орта салмақтағы қазіргі уақыттағы Әлем чемпионы IBO (2011–2018, 2019 – қазіргі уақытта); WBA (2010–2018, 2022–2023); WBC (2016–2018), IBF (2015–2018, 2019–2023). Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері. Қазақстанның 7 дүркін чемпионы, 2000 жылғы жастар арасында Әлем чемпионы, Қазақстанның тұңғыш өткен спартакиада ойындарының чемпионы (2001), 2001 жылы өткен мұнай өндіруші елдер арасындағы Кубок жеңімпазы, III Шығыс Азия ойындарының чемпионы (2001). 26.02.2024 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық Олимпиадалық комитетінің басшысы болып сайланды.



Серік Жұманғалиұлы Сәпиев

(16.11.1983, Абай қаласы, Қарағанды облысы) – боксшы, олимпиада чемпионы, халықаралық спорт шебері, Қазақстанның бокс бойынша еңбек сіңірген спорт шебері, Парасат орденінің кавалері (2008 жыл), Отан орденінің иегері (2012), спорт бойынша ЮНЕСКО чемпионы атанған әлемдегі 13-ші спортшы, қазақстандық ең танымал боксшылардың бірі, 2014 жылдың қарапасынан бастап Astana Atlans командасының бас директоры. Жартылай орташа салмақ пен бірінші жартылай орташа салмақта әуесқой бокстан Олимпиада ойындарының чемпионы (2012), Баркер кубогының иегері (2012), әлемнің екі дүркін чемпионы 2005, 2007), күміс (2011) және қола (2009) медальдарының иегері, Бейжің және Лондон Олимпиадасында бокстан құрама команданың капитаны.





ДОСТОПРИМЕЧАТЕЛЬНОСТИ ГОРОДА КАРАГАНДА

Областной центр- город Караганда находится в центральной части Казахстана, в местности, через которую пролегал когда-то Великий шелковый путь. В Наше время это крупный индустриальный, научный и культурный центр, транспортный узел. Туристические локации Караганды расскажут многое об истории и культурном наследии края.

ДВОРЕЦ КУЛЬТУРЫ ГОРНЯКОВ -

это один из символов шахтерского края, визитка Караганды. Здесь проходят главные мероприятия города. Мраморные лестницы, расписной купол, ковры, картины, бронзовые скульптуры придают торжественности интерьеру дворца. Здание начали строить в 1940 году, а завершили после войны. Его архитектура создана под влиянием форм народного искусства.

Привлекает необычная центральная часть дворца. Это портик из массивных колонн, соединенных ажурными арками. Его венчают скульптуры шахтера, строителя, пастуха, воина и представителей других профессий.



«ШАХТЕРСКАЯ СЛАВА»

монумент, воздвигнутый в 1974 году, изображает рабочего и шахтера, держащих в поднятых руках уголь. Памятник посвящен шахтерам края – смелым и выносливым людям, работающим в тяжелейших условиях. Установили его в честь добычи местным угольным бассейном 2 млн. тонн угля. Это главный монумент города, как нельзя лучше отражающий его суть.



ЛЕДОВЫЙ ДВОРЕЦ «КАРАГАНДЫ-АРЕНА»

это одно из самых крупных и сложно оснащенных сооружений города. Дворец открыл свои двери в 2012 году. Здесь расположены спортивные зоны, тренировочные залы, конференц-зал. Спортивные зрелища могут наблюдать сразу 5,5 тысяч зрителей. Ледовый дворец – домашняя арена хоккейного клуба «Сарыарка», чемпиона Казахстана и ВХЛ ряда сезонов.



ОБЛАСТНАЯ ЦЕНТРАЛЬНАЯ МЕЧЕТЬ ИМЕНИ АНЕТ БАБА

культовое сооружение открыто в 2011 году, в этнопарке 10-летия Независимости Казахстана. Эта мечеть – одна из крупнейших в стране. Трехэтажное здание венчает большой купол высотой 12 м и 8 малых куполов. Окружают мечеть 4 минарета высотой 51 м. Украшают здание казахские орнаменты, витражные окна, резные решетки, художественная керамика. Залы вмещают одновременно около 6 тысяч человек.



МУЗЕЙ ПАМЯТИ ЖЕРТВ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ

Карлаг был крупнейшим в системе лагерей СССР в годы сталинских репрессий. Кандидат исторических наук Виктор Бахтин, автор статьи о КарЛаге, пишет, что этот лагерь тянулся на сотни километров. Заключение в нем были бесплатной рабочей силой для промышленности и для создания продовольственной базы края. Музей был создан в начале 2000-х годов, неподалеку от



КАФЕДРАЛЬНЫЙ СОБОР ПРЕСВЯТОЙ ДЕВЫ МАРИИ ФАТИМСКОЙ

расположен на удалении от жилых домов, на невысоком холме. Он являет собой замечательный образец европейской архитектуры, а еще это наибольший католический храм в Центральной Азии. Своей необычной красотой он привлекает туристов, которые вряд ли ожидали увидеть в промышленном городе Казахстана прекрасный готический собор. Решение о строительстве святыни было принято в 2003 году, а за основу архитекторы взяли Кельнский собор в Германии. Освящение состоялось в сентябре 2012 года, обряд производил легат Папы Римского кардинал Анджело Содано.



КАРАГАНДИНСКИЙ ЦИРК

один из самых знаменитых в стране. Его возводили 7 лет, открылся цирк в 1982 году. Круглое сооружение венчает купол высотой 18 м, который позже украсила скульптура девочки на шаре. В центре здания – манеж, амфитеатр зрительного зала вмещает 2 тысячи человек. Представления проходят в комфортных условиях, благодаря системе кондиционирования.



СТЕЛА НЕЗАВИСИМОСТИ

возведена к 20-летию независимости Республики Казахстан. Обелиск высотой 47 м облицован белым гранитом. Венчает его традиционный символ – беркут под солнцем. У основания с 4 сторон расположены позолоченные фигуры тулпаров – еще один национальный символ. Стела служит напоминанием о многовековой борьбе народа за независимость. Одновременно она символизирует устремленность в будущее.

ПАМЯТНИК «ПОКОРИТЕЛЯМ КОСМОСА»

воздвигнут к 50-летию первого полета человека в космос и в год 20-летия независимости Казахстана. Высота композиции около 40 м, в центре – 4-метровая фигура космонавта, которую окружают дуги, имитирующие орбиты планет. Композиция стала символом, напоминающим об участии Казахстана в освоении космоса.

КАЗАХСКИЙ ДРАМАТИЧЕСКИЙ ТЕАТР ИМЕНИ САҚЕНА СЕЙФУЛЛИНА

один из старейших театров драмы в стране, который был создан в 1932 году, изначально работал, как театр рабочей молодежи. Имя выдающегося казахского литератора, Сақена Сейфуллина, было присвоено ему в 1964 году. Когда-то он находился в Старом городе, затем временно располагался в помещении другого театрального учреждения. В 2008 году было открыто новое здание на пересечении двухцентральных проспектов Караганды. Ставят тут в основном драматические произведения казахских авторов.





ЦЕНТРАЛЬНЫЙ ПАРК КАРАГАНДЫ

один из крупнейших парков Казахстана. Здесь создан водоем с обустроенными берегами и пляжем, тополиный массив, березовая роща. В 2011 году началась реконструкция парка. Был построен фонтан, пирс, проложены пешеходные дорожки. В парке открыта лодочная станция, работает множество аттракционов, детская железная дорога, колесо обозрения, американские горки, обустроены спортивные площадки.

КАРАГАНДИНСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ЗООПАРК

один из старейших в стране, имеет статус особо охраняемой зоны. Ему отведено более 40 га, из которых освоено 8. В зоопарке находятся десятки видов животных, птиц, рыб. Некоторые из них занесены в международную или национальную Красную книгу. Славится парк многочисленными сезонными развлекательными мероприятиями. Их любят посещать горожане и гости города.

ПАМЯТНИК ВЕЛИКОМУ ҚАЗАХСҚОМУ ПОЭТУ, МЫСЛИТЕЛЮ, РЕФОРМАТОРУ АБАЮ КУНАНБАЕВУ

расположен в сквере, в центральной части города – в излюбленном месте прогулки горожан и туристов. Изваяние поэта стоит на высоком облицованном гранитом постаменте, к нему ведут широкие ступени. Абай Кунанбаев изображен стоящим, прижимающим к груди руку, в которой находится книга.


ПАМЯТНИК НУРКЕНУ АБДИРОВУ

